

Васильковск алтын рудасы кен орнын пайдалану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 1 маусымдағы N 254. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.02.03. N 139 қаулысымен.

Васильковск алтын рудасы кен орнын өнеркәсіптік игеру жөніндегі

инвестициялық бағдарламалары конкурсының процедураларына сәйкес:

1. Васильковск алтын рудасы кен орнын пайдалануға қатысуға үміткерлерді таңдау жүргізу жөнінде конкурс комиссиясының 1996 жылғы 30 мамырдағы есебі бекітілсін.

2. "Тек Корпорэйшн", "Бақыршық Голд ПИ-Эл-Си" және "Ферст Дайнасти Майнз Лтд"-дан (Бұдан әрі - "Тек" тобы) тұратын компаниялар тобына 000000Васильковск алтын рудасы кен орнын пайдалануға берілген лицензия шарттары бойынша келіссөздер жүргізуге қысқа мерзімді құқық берілсін.

Лицензияның шарты басқа ережелермен қатар:

тәртіп және мәміленің түпкілікті құжаттарын аяқтауының соңғы мерзімін;

ең төменгі жұмыс бағдарламасын;

қаржылық міндеттемені:

"Тек" тобының конкурстық өткізуге арналған конкурстық комиссиясының барлық шығасылары мен мәмілелерді құжаттау бойынша "Тек" тобымен одан әрі келіссөздер жүргізудің төлем шарттары, сондай-ақ қол қойылған бонустың ұсыныстар шарттарына сәйкес "Тек" тобының төлемін қамтуға тиіс.

3. Конкурстық комиссияға, егер тараптардың келісімге қолы жетпеген жағдайда, "Тек" тобына 1996 жылдың 1 шілдесіне дейін лицензия берілмеген болса "Тек" тобымен қысқа мерзімді келіссөздер жүргізу мерзімін ұзарту туралы немесе басқа компаниялармен - конкурс қатысушыларымен келіссөздер жүргізуді бастау туралы шешім қабылдауға өкілеттік берілсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК